

# ТУБЕРКУЛЕЗ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



## ТУБЕРКУЛЕЗ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Туберкулез – ел арасында құрт ауруы деген атаумен таралған инфекциялық індет.

Дерт туберкулез микобактериялары деп аталатын бактерияларды туындатады.

Туберкулезден адамның барлық мүшелері, көбінесе өкпесі зақымдалады.



## ТУБЕРКУЛЕЗ ҚАЛАЙ БІЛІНЕДІ? (симптомдар)

Туберкулез белгілері адам ағзасының шалдыққан мүшесіне қарай анықталады.

Өкпе туберкулезінің белгісі 2 аптадан аса уақыт созылатын жөтел болып табылады.

Жөтелден адам қақырық бөледі, кейде қан түкіреді.



**Басқа да жиі кездесетін симптомдар:**



**Қызудың көтерілуі**



**Түнгі тершеңдік**



### **Тәбет жоғалту, салмақ тастау**



### **Жалпы әлсіздік, тез шаршай**

Жоғарыда айтылған белгілер байқалған жағдайда, өз қалауыңыз бойынша бекітілген, тұрғылықты мекенжайыңыздағы емханаға дереу қаралуыңыз қажет.


Туберкулезге тексерілу (жалпы практика дәрігері, қақырықты зерттеу (2 рет), микроскопиялық және туберкулез микобактериясына, молекулалық-гинетикалық әдістерді жүргізу сонымен қатар, рентгенологиялық тексерулер жүргізу – тегін!!!

## ТУБЕРКУЛЕЗ ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ?

Инфекцияның негізгі таратушысы – сөйлегенде, түшкіргенде және жөтелген кезінде айналасына туберкулез микобактерияларын (ТМБ) шығаратын өкпе туберкулезінің ашық түріне шалдыққан науқас адам болып табылады.

Тыныс алғанда тамшылар іспеттес (аэрозольдер) ТМБ адам өкпесіне енеді, сондықтан мұндай шалдығу жолы ауа жолымен шалдығу деп аталады.

Егер иммунитет мықты болса, ағзаға түскен микобактериялар дерт тудырмайды, ауа жалпыға ортақ болғандықтан ешкім туберкулез микобактерияларын жұқтыру жағдайынан сақталмаған.



Соның салдарынан дені сау адам туберкулез індетін жұқтыруы мүмкін. Алайда, туберкулез микобактерияларын бөлетін науқаспен қатынаста болған барлық адам бірдей дертке шалдыға бермейді. Науқас туберкулез қоздырғыштарын неғұрлым ұзақ уақыт бөлген сайын және науқаспен жақын аралықтағы қатынас ұзаған сайын туберкулезге шалдығу қаупі күшейе түседі. Науқаспен бір отбасындағы адамдар, достары, әріптестері үшін туберкулез індетін жұқтыру қаупі басым. Туберкулез індеті науқаспен қол алысқанда, науқаспен ортақ ыдыс-аяқ пайдаланғанда берілмейді. Өкпеден тыс туберкулез түріне шалдыққан науқастардың айналасындағы адамдарға жұқтырмайды, қауіп төндірмейді.

## ТУБЕРКУЛЕЗ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ?

**Жер шары халқының**

**1/3 бөлігі**

туберкулез микобактерияларына шалдыққан

Оның ішінде

**8 ден 10 миллионға дейін**

**адам жыл сайын туберкулезбен сырқаттанады,**

**1,5 – 2 миллионға дейін адам көз жұмады.**

Қазақстанда жыл сайын

**12 мыңнан астам адам туберкулезге шалдығады.**

Туберкулезбен әрбір адам, оның әлеуметтік статусына, хал ауқатына қарамастан шалдығуы мүмкін.

## ТУБЕРКУЛЕЗ МИКОБАКТЕРИЯЛАРЫН ЖҰҚТЫРУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Туберкулез микобактериялары ағзаға түскенде, көп жағдайда адам ағзасының қорғаныс күштері мен иммундық жүйесі олардың көбеюіне жол бермей тоқтатады. Ондай жағдайда адам ағзасында белсенді емес тірі бактериялар қалып, адам індет жұқтырған болып есептеледі, әйткенмен, адам туберкулезге шалдыққан науқас болып табылмайды. Туберкулездің мұндай белсенді емес тірі бактериялары белсенділікке ие болып көбейіп, дерт шақыруы мүмкін. Туберкулез дерті жұққаннан кейін тез дамуы мүмкін немесе араға бірнеше жылдар салып та дамуы мүмкін.

**Індет жұқтырған адамдар жұқтырушы болып есептелмейді және айналасына туберкулез дертін таратушы болып саналмайды:**



- Оларда туберкулез белгілері жоқ
- Туберкулин сынамаларына оң реакциялары бар



## ТУБЕРКУЛЕЗ ДЕРТІНЕ ШАЛДЫҒУ ДЕГЕНІМАІЗ НЕ?

Індетке шалдыққан адам ағзасының қорғаныс күштері әлсіреген жағдайда туберкулез микобактериялары белсенділікке ие болып көбейеді. Ауру белгілері адамның қай мүшесінің індетке шалдығуына қарай айқындалады.

АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдардың туберкулез дертіне шалдығу қаупі басым. Сондықтан, туберкулез дертінен сақтау үшін оларға 6 айға дейін бір немесе екі туберкулезге қарсы дәрілер қабылдау белгіленеді.




Туберкулез микобактериясын жұқтырғаннан кейін дерттің күшею қаупі мына адамдарда жоғары болады:

- Созылмалы ауруларға шалдыққан (қант диабеті, гормонға тәуелді)

- Ішмдік және нашақорлыққа әуес адамдар
- Салмақ жоғалтқан адамдар


Туберкулез диагнозын дәрігер фтизиатрлар мынандай негіздерге сүйене отыра қояды:

- Ауру белгілеріне
- Молекулярлық-гинетикалық әдістердің оң нәтижесіне
- Микроскопия және қақырықтың оң нәтижесіне
- Өкпедегі рентгенологиялық өзгерістерге.



## ТУБЕРКУЛЕЗ ЕМДЕЛЕДІ МЕ?

**Туберкулез барлық уақытта емделеді!** Бұл үшін дәрігер фтизиатрдың белгілеген емдеу курсының толығымен аяқтау қажет. (6 айдан 8 айға дейін). Ем 4-5 әр түрлі дәрілерді бір уақытта қабылдаумен басталады. 2 немесе 3 айдан кейін дәрігер күнара қабылданатын дәрілерді 2-3 дәріге дейін азайтады. Әдетте науқас белгіленген дәрілерді 2-3 апта жүйелі түрде қабылдағаннан кейін жұқтырушы болып есептелмейді. Алайда, дерттен толығымен айығу үшін және дертке қайта шалдығудың алдын алу үшін ем курстарын 6-8 айға дейін жалғастыру қажет. Туберкулезге қарсы дәрілерді үзіліс жасап қабылдау және толық ем курсының алмау дәріге төзбейтін туберкулез қаупін тудырады. Мұндай туберкулезді емдеу ұзақ әрі күрделі.



**Қазақстанда туберкулез тегін емделеді!!!**

## ТУБЕРКУЛЕЗ ҚАЛАЙ ЕМДЕЛЕДІ?

Туберкулезге шалдыққан науқасты емдеу әдетте туберкулезге қарсы диспансерде басталады. Алайда, белгіленген ем курстары емханаларда тікелей бақылаудағы ем кабинетінің мейірбикелерінің қарауымен амбулаториялық жағдайда жүргізіледі. Тікелей бақылаудағы ем дегеніміз не?

Бұл дегеніміз – күнде дәрі қабылдау үшін тікелей бақылаудағы ем кабинетіне келіп кабинет мейірбикесінің қадағалауымен қабылдау. Егер науқас қандай да бір айғақты себептермен емханаға келе алмайтын жағдай орын алса, мейірбике ол дәрілерді науқастың үйіне апарып береді. Науқас айналасына дерт жұқтыру қаупін тудырмайтын жағдайға жеткенде, ол жұмыс істеуіне болады, сондай-ақ, оқып, білім алып өмір сүре алады.



Туберкулезге тексерілуден және емделуден бас тартқан адам, сондай-ақ, дәрі қабылдауды үзген адам сот шешімі бойынша белгіленген ем курсы аяқталғанша мәжбүрлі түрде туберкулезден емделуге жіберілуі мүмкін.

## ДӘРІГЕ КӨНБЕЙТІН ТУБЕРКУЛЕЗ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Егер пациент белгіленген дәрілерді араға үзіліс салып қабылдаған жағдайда және толық қабылдамаған жағдайда дәріге көнбеушілік қозады. Туберкулезге шалдыққан науқас дерттен емделу тәртібін бұзып, үзіліс жасағанда немесе толық емделмеген жағдайда, бұл науқастан дерт жұқтырған адамда да дәріге көнбейтін туберкулезге шалдығу қаупі туындайды.

**Дәріге көнбейтін туберкулездің туындауына жол бермеу үшін дәрілерді үнемі бақылай отыра, толық қабылдау керек!**

Туберкулез қоздырғышы туберкулезге қарсы негізгі дәрілер болып табылатын мынадай екі дәріге - Изониазид және рифампицинге көнбеген жағдайда, бұндай туберкулез **көп дәрілерге көнбейтін туберкулез (ҚДК ТБ)** деп аталады.

ҚДК ТБ 20-24 ай бойы 5-6 туберкулезге қарсы дәрілермен емделеді. ҚДК ТБ-ны емдеу туберкулезге қарсы диспансерлерде де жүргізіледі. Ем курсының негізгі бөлігі емхананың амбулаториялық тәртібімен, тікелей бақылаудағы ем кабинетінде кабинет мейірбикесінің қадағалауымен жүргізіледі.

Көптеген дәрілерге көнбейтін туберкулез қоздырғышы сондай-ақ, екінші қатардағы инъекциялық дәрілерге және фторхинолға көнбеген жағдайда қоздырғыш шақыратын туберкулез **ауқымды дәрілерге көнбейтін туберкулез болып табылады (АДК ТБ)**. Қазіргі таңда (АДК ТБ) бүкіл әлемде үлкен қиындықтар тудырып отыр.

## ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЕСКЕРТУ (АЛДЫН АЛУ) ҮШІН ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУҒА БОЛАДЫ?


Туберкулездің таралу қаупін төмендетудің бірден-бір тиімді әдісі – әрбір туберкулез жағдайын дер кезінде анықтау және емдеу!

Халық көп болатын орындарды жиі желдетіп ауасын тазартып тұру туберкулездің таралу қаупін төмендетуге көмектеседі.


Барлық адамдар жөтелу этикасын сақтауы тиіс.

Адам жөтелгенде немесе түшкіргенде ауызын орамалмен немесе ауызын білегімен жауып жөтелуі тиіс.

Осы әдістерді ұстана отыра туберкулезбен шалдығу қаупін айтарлықтай төмендетуге болады.



## ҚОРЫТЫНДЫ



- Туберкулез – туберкулез микобактериялары қоздыратын инфекциялық дерт.

- Туберкулез қоздырғыштары науқас адамнан дені сау адамға ауа арқылы таратылады.

- **Туберкулез емделеді!**

Туберкулезден айығу үшін дәрігер фтизиатр белгілеген ем курсына толық қабылдап, аяқтау қажет.

- Дәрігер тағайындаған дәрілерді араға үзіліс салып қабылдаған жағдайда және ол дәрілерді толық қабылдамаған жағдайда көптеген дәрілерге көнбейтін туберкулез туындайды, туберкулездің бұл түрін емдеу күрделі және әлдеқайда ұзақ уақытты қажет етеді ( 20-24 ай).

- Туберкулезден емделу пациенттің дәрі қабылдап жатқан жеріне, қарамастан медицина қызметкерінің тікелей бақылауымен жүргізіледі.

- Туберкулезды тексеру және емдеу - бәрі тегін!

- Адам жөтелгенде немесе түшкіргенде аузын орамалмен немесе аузын білегімен жауып жөтелуі тиіс. Бұл туберкулездің таралуын төмендетеді.

- Туберкулез жағдайын дер кезінде анықтау және емдеу - туберкулездің таралу қаупін төмендетудің тиімді әдісі болып табылады.



«Қамқорлық» дағдарыс орталығы  
Алматы қаласы, Төле би көш., 159 үй  
тел.: +727 296 09 37, +7 700 334 43 37

Семей қаласы, Аймаутова көшесі 50, кеңсе 211,  
«Алем-Спас» Қайырымдылық қоры» Қоғамдық Қоры  
тел.: + 7 707 215 00 16

Қоғамдық Қоры «Сен жалғыс емессін»  
Павлодар қаласы Тульская көшесі 69, тел.: +7 7182 57 52 85

«Жолдас» СПИД-сервистік ұйымдарының ассоциациясы  
Шымкент қаласы, Бағысбаев көшесі 9 үй.  
тел.: +7 7252 57 13 74

«Адамның қорғаныш тапшылық қоздырғышымен өмір сүретіндерді қолдау  
«ҚУАТ» қоғамдық бірлестігінің ЖАРҒЫСЫ  
Өскемен қаласы, Питер коммунарлары көшесі, 22 үй, 10  
тел.: 8 7232 77 05 77, +7 705 752 65 37, +7 771 959 98 81

«Сенім-тірек» қоғамдық бірлестігі.  
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Құлымбетов көшесі 156.  
т. +7 71332 544441, +7 701 4228222.

ҚР Ақтөбе филиалы Қызыл Ай Қоғамы.  
Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан 67, 4 пәтер  
тел.: +7 775 160 08 23

«ИГІЛІК» туберкулездің алдын алу және ауырудың санын азайту бойынша»  
қоғамдық қоры  
Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Сары Арқа шағын ауданы,  
№8/2 үй, 20 пәтер  
тел.: +7 701 430 09 97, +7 775 754 74 71, e-mail: [fond.igilik2017@list.ru](mailto:fond.igilik2017@list.ru)

«Үміт» қоғамдық бірлестігі  
Қарағанды қаласы, Бейбітшілік бульвары 12, 4 кеңсе  
тел.: +7 7212 42 60 92

«Шапағат» АИВ позитивті және олардың жақындарын  
қолдау қоғамдық қайырымдылық  
Теміртау қаласы, Республика даңғылы 26/2А,  
+7 700 970 04 90, +7 7213 90 35 00